



Автор: Боқашбаева Маржан Діқанқызы
Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Біздің өмірімізде алгоритмдер
Тақырып: Практикум. Аралас құжаттар құру

Білімділігі:	Оқушыларға құжатқа сурет қою тәсілдерін үйрету аралас құжаттар құруды және аралас құжаттарға сурет қою тәсілдерін
Тәрбиелігі:	Логикалық ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.
Дамытушылық:	Оқушылардың есте сақтау және зейіндік қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.
Сабақтың түрі:	Жаңа сабақты түсіндіру
Сабақтың көрнекілігі:	Практикалық

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың
барысы:

- А) Ұйымдастыру кезеңі
- Б) Сабақ сұрау
- В) Бағалау
- Г) Жаңа сабақ
- Д) Бекіту
- Е) Үйге тапсырма
- Ж) Қорытынды

Жаңа сабақ:

Бұл практикumның тапсырмаларын орындап, сендер аралас құжаттар құрасыңдар. Компьютердегі тәжірибелік жұмыс

Ағаштың шежіресі

1. Ағаштың кескінін салыңдар.



Сурет салатын рамкалар дайындаңдар және оларды ағашқа орналастырыңдар.

3. Ағаштың кескінін WordPad мәтіндік редакторына көшіріңдер. Ортасы бойынша түзеуді тағайындаңдар.

4. Суреттің алдына «Менің отбасы» тақырыбын қосыңдар. Әріпті өз қалауларың бойынша таңдаңдар.

5. Өз отбасыларың туралы әңгіме құраңдар (теріңдер).

6. Жұмысты өз бумаларыңда сақтап, мүмкіндігінше басып шығарыңдар.

Шежіре ағашымен жұмысты үйде аяқтаңдар – туыстарыңның суреттерін желімдеңдер немесе редактордың көмегіен қосыңдар.

В деңгейі

1. Әңгімеден үзінді теріңдер.

2. Автордың тегін курсивпен, мәтін атауын жуан әріппен ерекшелеңдер

3. Бірінші жол үшін шегіністі 1 см етіп белгілеңдер.

4. Жануарлардың, құстар мен балық атауларының жанына Paint -те дайындалған кескіндерді кірістіріңдер.

5. Жұмысты өз бумаларыңда сақтап, мұғалімге көрсетіңдер.

С деңгейі

1. Өз отбасыларың туралы әңгіме дайындаңдар. Оны WordPad мәтіндік редакторында теріңдер.

2. Өз ата-аналарың мен туыстарыңның суреттерін дайындаңдар.

3. Ерекшелеу → Еркін аймақ сайманын пайдаланып Paint графикалық редакторында суреттерді қырқыңдар.

4. Суреттерді рамкаларға (мысалы, мынандай виньеткаға) орналастырыңар.

5. Графикалық редактордан көшіріп, мәтіндегі есімдердің жанына

суреттер кірістіріңдер. 6. Мәтіннің алдына «Менің отбасым» тақырыбын қосыңдар. Оны өз қалауларың бойынша безендіріңдер.

7. Жұмысты өз бумаларыңда сақтаңдар және мұғалімге көрсетіңдер

Бекіту

Image not found or type unknown

Үйге тапсырма:
(Змин)

Бекіту Компьютерде тәжірибелік жұмыстарын орындау

Сабақты қорытындылау Тәжірибелік жұмысты тексеру, сұрақтарды тақылап оларға жауап беру, бағалау

Үйге тапсырма Тәжірибелік жұмысты аяқтау